

"Базарларда тауарлар өткізу, сату, жұмыстар орындау, қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын тұлғаларға қолданылатын біржолғы талондардың құнын" және "Дүркін-дүркін сипатындағы кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларға берілетін біржолғы талондардың құнын" бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2010 жылғы 07 қыркүйектегі N 179 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Арал ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 15 қазанда N 10-3-170 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2011 жылғы 26 тамыздағы N 227 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2011.08.26 N 227 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабын, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық Кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 36-бабының 6-тармағын басшылыққа ала отырып, аудандық мәслихат **ШЕШЕМІЗ:**

1. Базарларда тауарлар өткізу, сату, жұмыстар орындау, қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын тұлғаларға қолданылатын біржолғы талондардың құны N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Дүркін-дүркін сипатындағы кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларға берілетін біржолғы талондардың құны N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан бастап 10 күннен кейін күшіне енеді.

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс жиырма сегізінші сессиясының төрағасы *Е. Мұсабаев*

Аудандық мәслихаттың хатшысы *Ә. Әуезов*

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң
2 0 1 0 жылғы 07 қыркүйегіндегі
кезектен тыс жиырма сегізінші сессиясының
N 179 шешімімен бекітілген N 1 қосымша

Базарларда тауарлар өткізу, сату, жұмыстар орындау, қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын тұлғаларға берілетін біржолғы талондардың құны

N	Мамандануы	Сауда орны (Базар аумағындағы дүңгіршектегі стационарлық үй жайлардағы оқшауланған блоктардағы сауданы қоспағанда)	Бір жолғы талонның құны айлық есептік көрсеткіші көрсетілген салық ставкасына көбейту арқылы анықталады.
1	Азық – түлік	Жүк автокөліктерінен азық-түлік сату	0,771
2		Жеңіл автокөліктерден азық-түлік сату	0,385
3		Сүт, сүт өнімдерін сату	0,038
4		Жаймадан немесе сөрелерден азық-түлік, жеміс-жидек, көкөністер сату	0,116
5		Қолдан азық-түлік сату	0,038
6		Шашылық-гриль сату	0,184
7		Бақша өнімдерін (қауын-карбыз) белгіленген орындарда сату	0,116
8		Газды су, сусындар, балмұздақтар мен гамбургерлер, пирожки, чебуреки сату	0,077
9		Салат сату	0,056
10		Ұн, нан, торт (кондитерлік өнімдерін)	0,056
11		Ет және ет өнімдерін	0,233
12		Тартылған ет сату	0,077
13		Құс түрлерін бүтіндей сату	0,155
14		Самса, билящи дайындап сату	0,116
15	Өндірістік заттар	Жүк автокөліктерін сату	0,771
16	Жеңіл автокөліктерін сату	0,431	
17	Сатып тұрған орындарына байланысты құрылыс заттарын сату (краска, олиф, шеге, т.с.с.)	0,155	
18	Телевизор, радио және электр тауарларын сату	0,130	
19	Қосалқы бөлшектер және шаруашылық өндірістік заттарын (хозтовар) сату	0,116	
20	Автокөліктердің қосалқы бөлшектерін сөреден сату	0,233	
21	Қымбат бағалы бас киімдер сату (кұлақшын)	0,138	
22	Былғары және жазғы бас киімдер сату	0,081	
23	Парфюмерия, галантерия тауарларын сату	0,081	

24	Алтыннан жасалған бұйымдар сату (1 орынға)	0,385	
25	Мереке күндері сыйлықтар дайындап сату (1 орынға)	0,116	
26	Кілем, алаша сату	0,155	
27	Балалар ойыншықтарын сату	0,081	
28	Жаймада киім, носки, аяқ киім немесе сөреден киім-кешектер сату	0,092	
29	Жабық базарларда киім сату (1 орынға)	0,141	
30	Хрустальдан жасалған ыдыстар сату	0,148	
31	Аудио-видео және тұрмыстық техникалар сату	0,148	
32	Қолдан сату	0,053	
33	Қызмет көрсету	Ет дүкеніндегі қасапшылық қызметтер көрсету	0,077
34	Асабалық, әншілік, камераға түсіру	0,385	
35	Автокөлік сату	Жүк автокөліктерін сату	0,233
36	Жеңіл автокөліктерін сату	0,138	
37	Мотоцикл сату	0,067	
38	Қолданылған қосалқы бөлшектерін сату	0,233	
39	Мал, жем шөп сату	Ірі қара сату	0,155
40	Басқа мал түрлерін сату	0,092	
41	Құс және басқа да мал түрлерін сату	0,038	
42	Мал азығын сату	0,120	

А у д а н д ы қ

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

0 7

м ә с л и х а т т ы ң

қы р к ү й е г і н д е г і

к е з е к т е н

т ы с

ж и ы р м а

с е г і з і н ш і

с е с с и я с ы н ы ң

№ 179 шешімімен бекітілген № 2 қосымша

Дүркін – дүркін сипатындағы кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларға берілетін біржолғы талондардың құны

N	Мамандануы	Қызмет түрі (стационарлық үй жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда)	Бір жолғы талонның құны айлық есептік көрсеткіші көрсетілген салық ставкасына көбейту арқылы анықталады.
1	Дүркін – дүркін сипат	Газеттер мен журналдар сату	0,038
2		Тұқым, көшет сату	0,053
3		Бақша дақылдарын сату	0,113

4	Саяжайда немесе үй маңында өсірілген түрі	0,053
5	Үй жанындағы ауыл шаруашылығы, бау-бақша және саяжай учаскелерінің өнімдерін сату	0,077
6	Бал сату	0,077
7	Саңырауқұлақ сату	0,056
8	Сыпырғылар мен сыпыртқылар сату	0,056
9	Жануарлар мен құстарға арналған дайын жем-шөп сату	0,077
10	Балық сату	0,077
11	Үй жануарларын және құстарды бағу (жою) /1 күнге/	0,056
12	Жер учаскелерін өңдеу бойынша жеке трактор иелерінің қызмет көрсетуі	0,233

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК